

## Құрметті «Bolashaq» Академиясының ұстаздары!

Аса қадірлі «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, тіл жанашыры, профессор Құрманғазы Зәкірұлы Сембиевке, аға оқытушыларына, кураторларымыз Рүстем Хасенұлы және Меруерт Серікбаевнаға 2022-2023 оқу жылының Дк-20к тобының түлектері атынан алғыс білдіремін!

«Bolashaq» Академиясы қашанда жақсылық пен ізгілікті, парасаттылық пен руханиятқа толы ойдың, таным мен тәрбиелі істердің ордасы болған.

Сіздер – жастардың болашағын айқындайсыздар, бүгін еккен дәндеріңіз ертеңгі жеңісті-жемісті күннің кепілі. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады.

Сіздер «Bolashaq» Академиясының беделін асқақтатуға, студенттерге сапалы білім беріп, жоғары деңгейде екенін көрсетуге еңбек етіп жүрсіздер.

Сіздерге өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстар және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілеймін. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен өсуге бастасын. Шығармашылық ізденістер, ғылыми жаңалықтарыңыз арта берсін. Шәкірттеріңіздің құрметі мен махаббатына бөленіңіздер.

Дк-20к тобының студенті Муканова Кымбат